



Білікті ұстаз

2-бетте



«Рухани жаңғыру» -  
Светлый путь в будущее

3-бетте

# УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті



№ 2 (202)  
28.02.2020

## 1 наурыз - Алғыс айту күні

Қадірлі әріптестер, құрметті студенттер!  
Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында: «Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні - 1 наурыз барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, жанашырлық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленсе, әділетті болар еді», - деп бастама көтерген болатын. Міне, содан көп ұзамай, яғни 2016 жылғы 14 қаңтар күні Елбасының Жарлығымен 1 наурыз «Алғыс айту күні» болып жарияланды. Бұл күн, ең алдымен, адамның адамға құрмет көрсететін күні. Сонымен бірге халықтар достығы мен татулығы, ынтымағы мен бірлігі күні.

Тарихтан белгілі, сталиндік репрессия мен күштеп қоныс аудару жылдарында көптеген ұлттар өз атамекенінен жер аударылды. Соғыс жылдарында аш-жалаңаш азып-тозған, жер ауып келген өзге ұлт өкілдерін қазақ халқы құшақ жая қарсы алды. Ас-ауқатымен, баспанасымен бөлісті. Ең тар замандарда қазақ халқы қамқорлыққа алған өзге этнос өкілдері бүгінде өз бауырларымыз атанып, бізбен бірге бір халыққа айналды. Алғыс айту күні - тарихтан тағылым алатын күн.

Сіздерді 1 наурыз –  
Алғыс айту күнімен шын  
жүректен құттықтаймын!




«Аузын ашса, жүрегі көрінетін» бауырмал қазақ халқының атамекеніне қоныстанған өзге ұлт өкілдерімен тату-тәтті өмір сүріп, ынтымақтастықты нығайтудағы еңбегі, әрине, зор. Алғыс айту күнінде жүрегі мейірім мен иманға толы қазақ халқына өзге ұлттардың айтар алғысы шексіз деп білемін. Қазақстан өз Отанына айналған өзге ұлттардың жүрегінде қазақ халқына деген құрмет пен ыстық ықылас еш уақытта ұмытылмайды. Қазақстанды мекендеп отырған өзге этностар қазақ халқының қамқорлығы мен қонақжайлылығы, парасаттылығы мен тектілігінің алдында бас иеді. Бүгінгі Алғыс айту күнінде қазақ халқының қамқорлығы мен жанашырлығына ризашылығын білдіреді.

Құрметті әріптестер! Қымбатты студенттер! Алғыс айту күнімен Сіздерді құттықтай отырып, елімізге тыныштық, отбасыларыңызға бақ пен береке, баршаңызға болағтай берік денсаулық, шығармашылық табыс-тар тілеймін! Жасампаздық, бейбітшілік, татулық пен бірлік секілді елдік дәстүрлер жалғасын таба берсін, еліміздің еңсесі биік, тәуелсіздігі тұғырлы болсын!

## 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

Құрметті де қадірлі М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың ұстаз-аналары, студент-арулары, нәзік жанды қыздар мен ақ жаулықты әжелер! Сіздерді табиғаттың түлеп, жер жүзі мен адамзат жүрегін жылылыққа бөлейтін 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!



Көктемнің алғашқы жаршысындай болып келетін бұл мейрам барша жанның көңіліне жанару мен жасару сезімін сыйлап, жүрегімізге шуақ пен мейірім нұрын төге түседі. Әлемді күн жылытса, адам баласының жүрегін қыздың шырайлы күлкісі, ананың аялы алақаны жылытады. Бір қолымен бесік, бір қолымен әлем тербететін, қайырымдылық пен шексіз шапағаттың шуағын тарататын әйел-аналар мен сүйкімді аруларымыздың қуанышы Отанымыздың аспанын нұрландырып, бақ-дәулет, ырыс-құтымызды тасыта түсуде.

Әйел - өмірдің гүлі, мәні мен сәні, қоғамның салауатты дамуының қозғаушы күші. Нәзік жанды арулар ер азаматтармен қатар барлық салада қызмет жасап, сонымен қатар отбасында берекенің ұйытқысы, қамқоршысы болып, ұрпақ тәрбиелеп келеді.

Бүгінгі таңда М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың қабырғасында 1405 ана-ұстаздар білім мен тәрбие нәрімен жастарды сусындатып жүр. Оның ішінде профессор-оқытушы құрамы - 32, ӘҚҚ және ӘШҚ - 47, ғылым докторы - 21, ғылым кандидаты - 251, PhD докторы - 31. Өмірде арқалаған жүгі ауыр, отбасының ұйытқысы, қоғамдық өмірдің сан саласында игі бастамалардың жүзеге асуына елеулі үлес қосып жүрген ұстаз-аналарымызды, қыз-келіншектерімізді, барша аруларымызды шуақты мерекелерімен тағы да құттықтағым келеді.

Жүректеріңіз мейірімге, көңілдеріңіз шуаққа бөленсін! Халықаралық әйелдер күні бәріңізге қуаныш пен шаттық, бақ-береке, ырыс-құт ала келсін!

Дария Пернешқызы ҚОЖАМЖАРОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры

# Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы

«Тәрбиелі- тәртіптің құлы,  
Тәртіпті - елдің ұлы»

Абай Құнанбайұлы



Еліміздің ұрпағы тәрбиелі, саналы, білімді болуы үшін, ең алдымен, білікті маман қажет. Білікті маман өмір бойы ізденісте жүреді де, білімді шәкірт тәрбиелеуді алдына мақсат етіп қояды. Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жаңарту аясында білім стандартын енгізуді қолдап отыр. «Тәрбие басы - тал бесік» демекші, келешек ұрпағымыз тәрбиелі болсын десек, кішкентай кезінен бастап отансүйгіштікке, мақсаткерлікке, ақылдылыққа, қайырымдылыққа, әдептілікке, имандылыққа тәрбиелеу керек.

«Механика және мұнайгаз ісі» факультетіндегі «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасында мамандарды дайындау кезінде тәрбие жұмыстары басты бағыттардың бірі болып табылады. Оқу жылы барысында білім алушылардың тәрбиелік белсенділіктерін арттыру мақсатында түрлі кездесулер, ашық тәлімгерлік сағаттары өткізіліп отырады. Өткізілген тәрбиелік іс-шаралар туралы



мәліметтер университет сайтына салынып, кафедраның есебіне тіркеледі. Тәрбиелік жұмыстарды жандандыру алдағы уақытта да кафедраның негізгі мақсаттарының бірі болып қала береді.

В076 - «Стандарттау, сертификаттау және метрология» білім беру бағдарламасы тобының 6В07510 - «Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) және 5В07513- «Метрология» білім беру бағдарламасы аясында білім алушылар университет және факультет деңгейінде қоғамдық іс-шараларға белсенді ат салысып келеді. Бұған дәлел: 2019 жылы ММГ-19-6р1 тобында топ тәлімгері Ж.Н.Үсенова «Ориентация на будущее: духовное возрождение» ашық тәлімгерлік сағатын өткізді және ММГ-19-6к1 тобының студенттерімен топ тәлімгері Г.С.Болысова «Тарихи тұлға Т.Рысқұловқа 125 жыл» атты ашық тәлімгерлік сағатты №3 жатақханада өткізді.

Сонымен қатар «Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар өз шеберлігін спорт саласында да көрсетуде. Мәселен, 2019 жылы ММГ-19-6к2 тобының білім алушысы Свет Ердаулет 2002-2003 жылы туылған жасөспірімдер арасында «Найза лақтыру және ядро лақтыру» бойынша ҚР чемпионатының 3 орын, 2002-2003 жылы туылған жасөспірімдер арасында «Найза лақтыру және ядро лақтыру» спортынан Шымкент қаласының ашық біріншілігінен 1 орын иегері атанып, ММГ-17-6р тобының студенті Софья Берульцева Karate 1 Премьер-Лига Мадрид жарысының 1 орын иегері атанды. Болашақта сапалы және білімді мамандарды дайындау үшін біліміміз бен тәжірибемізді бөлісуге барлық күш-жігерімізді саламыз. Тәрбиелі ұрпақ даяр болса, білімді ұрпақтың көбейері сөзсіз.

Айтолқын ОТУНШИЕВА,  
Айжан ТОҚТАБЕК,  
«Стандарттау және сертификаттау»  
кафедрасының магистрі,  
аға оқытушылары

# Білікті ұстаз

Ұлттық дәстүрімізге сай, университетіміздің беделін көтеруге айтулы үлес қосып жүрген ғалым қарияларымызды қадірлесек жара-сады. Мысалы, корейлер алпыс бірге келген қарияларына той берсе, жапондар осы жасқа келгендерге жағдайын сұрамай-ақ жасап береді екен. Осы орайда, ұлттық жаңғыру ісіне үлес қосып жүрген, бүгінде 80 жасқа толып отырған Ибрагимов Құдайберген ағамыз туралы әңгімелеуді жөн көрдім.

Қүдекен - «Өндірістік, азаматтық және жол құрылысы» кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты. Қүдекеннің мекен-жайы Отырар ауданының қазіргі Әл-Фараби ауылы екен. Жақында Қазақстанның Өзбекстандағы мәдени-ынтымақтастық күндеріне байланысты Ташкент сәулет-құрылыс институтында осы саланың халықаралық конференциясы болды. Сол ғылыми жиынға арнаулы шақыру алып, Қүдекен екеуіміз қатыстық. Қүдекеннің баяндамасын өзбек ағайындар зор ықыласпен тындап, құрылыс гидротехникасына қосқан үлесіңіз, хәм сексен жылдығыңыз деп құттықтап, үстіне ұлттық шапан жапты! Мен оқыған баяндама да институттың арнаулы ғылыми жинағының бірінші бетіне басылыпты. Университетіміздің білімін өзбек ағайындарға мойындаттық-ау шамасы. Несін айтасың, ташкенттіктер қонақ күткенді шымкенттіктерден асырып жібереді екен. Бізді шекарадан жеңіл көлікпен қарсы алып, кеткенше аяғымызды жерге тигізбей алып жүрді, сәскеде дастарқандар жайып, өздеріне

расына оқуға түсіп, 1970 жылы ойдағыдай қорғап, техника ғылымдарының кандидаты атағын алдым. Ғылыми жетекшім т.ғ.д., профессор, генерал-майор И.И. Черкасов, ғылыми консультант академик, Лениндік және мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Н.А. Цытович болды. Диссертациялық жұмыс тақырыбы: «Борпылдақ вулкандық топырақтар және оларды модельдейтін материалдардың механикалық қасиеттерінің құрылымын зерттеу». Оқуды бітірген соң Ташкент политехникалық институтында бірнеше жыл оқытушы, кафедра меңгерушісі болып қызмет еттім, ғылыми жұмысым бойынша Орта Азиядағы Рогун, Шарбақ, Қожакеңт, Нүрек, Токтағұл, Құрыпсай, Қамбарата су электр станцияларын салуға тікелей ат салыстым. 2000 жылы Шымкент «Су арнасы» басқармасына директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары қызметіне шақырылып, еңбек еттім. 2003 жылдан университетіміздің аталмыш кафедрасында ректор У.Қ.Бишімбаевтың шақыруымен жұмыс істедім. Жалпы саны екі монография, қазақ тілінде жазылған екі оқулық, төрт оқу құралы және орыс хәм



қимайтындай тағамдар қойды, қошаменпен шығарып салды. Қайтарда жол қысқарсын деп Қүдекені әңгімеге тарттым.

«Қүдекен, сізді шетелдіктер бек сыйлайды екен, 2007 жылы Пермь қаласындағы халықаралық конференцияға қатысып, Ресейден медаль алғаныңызды білеміз», - дедім. «Жақсы сөз - жарым ырыс» дегендей, қуанып қалғанын байқап, көпті көрген ағамыздың өмірдастанын айтып беруін өтіндім.

Ол тең ойға шомып, әңгімесін бастады. - Отызыншы жылдары, ашаршылық кезінде Өзбекстанға көшіп келгенбіз. Күйзеліс салдары болар, шешем Алтын бір жасымда, әкем Ибрагим екінші сыныпта оқып жүргенде қайтыс болды. Мені Исмаил деген ағам асырап, тәрбиелеген. Ол - соғыс ардагері, мектепте математикадан сабақ беретін. Біз Ташкент облысы Піскент ауданы, Ақтөбе ауылында тұрдық. Оқуым жақсы болды. 1957 жылы Ташкент политехникалық институтына түсіп, құрылысшы-гидротехник мамандығы бойынша бітірдім. Соңынан Мәскеу инженер-құрылыс институтының аспиранту-

қазақ тіліндегі электронды оқулықтардың бірінші авторымын, елімізде және шет елде жарық көрген 150-ден астам мақалаларым бар, т.б.

Қүдекен барлық гранттық жобаларға қатысып, жоғары балға ие болған, сонымен қатар студенттерінің жұмыстары республикалық конкурста жоғары нәтижелерге ие болды. Төрт медаль иегері: «Елеулі еңбегі үшін» - Су ресурстары және маркетинг басқармасынан берілген, «Аймақтың энергия тиімділігін арттыруға қосқан үлесі үшін» (Ресей), соңғы екеуі университетіміздің 70 және 75 жылдық мерекелік медальдары. Бұдан тыс кафедрада заманауи геотехника лабораториясын құруға үлкен еңбек сіңірді.

Бүгінде үш ұлды ұясына қондырып, онан астам немерелерін тәрбиелеп отырған ағамыз бен Халида жеңгемізге жаратушыдан ұзақ та бақытты ғұмыр, зор денсаулық, отбасының амандығын хәм шығармашылық табыстар тілеуіміз!

Ардашер ЮСУПОВ,  
«Сәулет» кафедрасының доценті,  
архитектура кандидаты

# Жаңа факультеттің жалынды белсенділері

Педагогикалық бағытта сапалы кадр даярлау арқылы ғылыми әлеуетті арттыруға болады. Осы мақсатта жуырда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Тарих және педагогика» факультеті ашылды.

Университет ректоры Д.П.Қожамжарова Елбасының «Педагог мәртебесі туралы» заңын ескере отырып, педагогикалық мамандықтарды бір жерге шоғырландырды. Факультет деканы, ф.ғ.к., доцент Қ.М.Уразбаев факультет студенттерімен кездесіп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Университетіміздің «Ең үздік студенті-2019» номинациясын иеленген студенттік ректор Ж.У.Жұматаев қонақта болып, жастармен өз тәжірибесімен бөлісіп, оларға барынша мотивация берді.

Негізгі мақсаты - жаңа факультеттің белсенді студенттері мен студенттік деканын тағайындау. Студенттік декан болуға 5 студент үміткер болды. Оның ішінен екі үміткер ақтық мәреге қалды. Сайлау факультет студенттерінің ашық даусымен шешілді. Сонда да екі үміткеріміз дауыста тен түсті.

Студенттердің соңғы шешімімен «Кітапхана ісі» мамандығының екінші курс студенті Е.Б.Үсен студенттік декан, ал дефтология мамандығының 1 курс студенті М.И.Рустембек студенттік декан орынбасары болып сайланды. Барлығы бір ауыздан шешімге оң бағасын берді.

Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Г.Т.Малгайдарова өз сөзінде алда бірігіп атқаратын іс-шаралар саны аз емес екендігін және волонтерлар жылында күш-жігерімізді салып, қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысуымыз

керектігін студенттерге жіті түсіндірді.

Жаңа факультетіміз жандана берсін, алдағы жылдары студенттеріміз биіктен көріне берсін деген тілектеміз!!!

Г.Т. МАЛГАЙДАРОВА,  
«Тарих және педагогика» факультетінің  
әлеуметтік және тәрбие жөніндегі  
декан орынбасары  
М. РУСТЕМБЕК,  
«Тарих және педагогика» факультеті  
ТН 19-2к2 тобының студенті



## «Рухани жанғыру» Светлый путь в будущее

За всю историю нашей планеты, на Земле образовалось и исчезло огромное количество различных стран и народов. Это исторический процесс, который является следствием временных изменений. Как показала практика, лишь малой части стран удалось просуществовать до нашего времени и при этом занять важное место в глобальной перспективе. Мы привыкли считать, что такие страны двигаются в ногу со временем, постоянно совершенствуются и становятся лучше во всех планах. Но при этом, многие упускают момент, что эти страны ориентировались не только на современную модернизацию, но и на сохранение культурных ценностей. Ведь если люди не будут знать свою историю и традиции, они рано или поздно лишатся своей индивидуальности, и соответственно исчезнут с лица земли. Дабы такая печальная участь не постигла Казахстан, правительством нашей республики была создана программа «Рухани Жанғыру». Это обширная программа, ориентированная на возрождение культурных и нравственных ценностей казахстанцев с учетом вызовов нашей эпохи. Главной особенностью этой программы является то, что она целенаправленно привлекает интерес к изучению собственной страны. Это подталкивает многих людей, в первую очередь молодежь, к заинтересованности в развитии Родины. Не только целой страны, но и округа проживания в частности. Человек начинает вовлекаться в социальные проблемы своего округа, помогать в их разрешении, приносить пользу людям и таким образом целому государству, внося определенный вклад в общее развитие. Все это относится к популяризации исследования среди молодежи, в частности студентов. Эта программа предусматривает 3 вектора развития. Первое – организовать в учебных заведениях качественное преподавание истории родного края.

Для этого необходимо провести серьезную и колоссальную исследовательскую работу в сфере образования, экологии и географии, изучить региональные культурные объекты, восстановить большую часть из них.

Второе – государственная помощь бизнесменам, представителям интеллигенции и молодежи, которые, переехав в другие регионы страны, хотели бы поддержать свою малую родину.

Третье – системный и организованный подход местных властей к реализации программы «Туғанжер». Они должны подробно изучить все возможные способы улучшения жизни в регионах: улучшение качества образования, начиная от замены учебников до полной модернизации и оснащения учебных заведений передовыми технологиями, финансовая поддержка культурных организаций и художественных фондов, улучшение общего состояния районов.

Благодаря сакральной географии, молодое поколение предпочитает изучать культурные артефакты своей Родины, вместо других стран и таким образом развивать культурные познания. Это интерес к национальной литературе, истории, обрядам, значимым личностям и т.д. К мотивации располагает и программа «100 новых лиц Казахстана», в которой принимают участие обычные люди, своим примером доказывающие, что любой человек может принести огромную пользу своей стране и даже войти в историю. Конечно же, все это способствует модернизации сознания молодежи. Уже сейчас, будущие работники, наши студенты, должны ориентироваться на полное овладение своей профессией, дабы выработать профессиональные качества, необходимые для построения конкурентоспособной нации. Для понимания всей ответственности возложенной задачи, необходимо выработать прагматизм.

Каждый студент, который встал на путь развития, осознает, что без четкого понимания своих потребностей и рациональной траты предоставленного времени нельзя построить счастливое будущее, которое может стать успешным лишь в случае активной и трудоемкой работы. К сожалению, в реалиях нашего времени, полное понимание лишь своей профессии не всегда может гарантировать человеку постоянное трудоустройство. Прогресс постоянно движется, и те профессии, что были востребованы когда-то, сейчас уже не пользуются прежним спросом. Человеческий мозг – это безграничный простор для постижения нового. Мы должны использовать его по максимуму еще будучи молодыми, чтобы охватить как можно больший объем информации. За человеком, который овладел несколькими профессиями стоит будущее. Мы также не должны забывать о том, что развиваться, опираясь лишь на свой опыт категорически нельзя. Для этого в программу студентов входит академическая мобильность, которая позволяет перенять опыт обучения других стран. Нельзя забывать и о изучении нескольких языков, которое активно начато во всех образовательных учреждениях Казахстана. Чем больше языков ты знаешь, тем шире твой взгляд на мир. Вся программа дает огромный стимул нашим гражданам. Это начало долгого пути, который приведет к процветанию Казахстана на мировой арене.

**М.Ж. ШИНАСИЛОВА,**  
магистр, старший преподаватель  
филологического факультета ЮГУ  
им. М. Ауэзова, кафедра «Русский  
язык и литература»  
**С.Р. ЗАПОРОЖЕНКО,** студент  
филологического факультета ЮГУ  
им. М. Ауэзова, кафедра «Русский  
язык и литература»

## «Адалдық дүкені» – тәрбие мекені

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да сенім атмосферасын қалыптастыру және білім алушы жастарға өздерін жақсы, адал адам ретінде танытуға мүмкіндік беру мақсатында университет қабырғасынан «АДАЛДЫҚ ДҮКЕНІ» ашылды. «Адалдық дүкені» университет ректоры Қожамжарова Дария Пернешқызы мен «Шымкент - адалдық алаңы» жобасының жетекшісі Төлебаев Ерасыл Әшірбайұлы ашты.

Адалдық дүкенінің мақсаты – университет қызметкерлері мен білім алушыларын адалдыққа, тазалыққа, жауапкершілікке баулу, шыншылдыққа бағыттау және жастар бойында адалдық қасиеттерін нығайта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру.

«Адалдық дүкенінде» оқытушылар мен білім алушылар, университет қызметкерлері өздеріне қажетті заттарды алып, алынған тауар үшін ақшаны қасалық жәшікке қалдырып, есеп айырысады. Яғни, бұл дүкенде сағушы жоқ, затты сатып алушылар өздеріне қызмет көрсетеді, дүкеннің басты ерекшелігі де осында. Мұндай әрекеттер жастардың бойында жағымды моральдық қасиеттер қалыптастырып, ішкі парасаттылық пен адалдыққа бағыттады, шыншылдыққа бастайды.

«Адалдық дүкені» «Саналы ұрпақ» студенттік клубына қарайды, «Парасат» басқармасы оның жұмыс жасауын қадағалап отырады.

Дүкеннің арнайы ережесі бар, адалдыққа жат әрекет орын алған жағдайда «Саналы ұрпақ» клубы мүшелері мен «Парасат» басқармасы тарапынан тиісті акт түзіліп, университеттің Академиялық адалдық жөніндегі комиссиясы қарауына беріледі. Комиссия адалдық талаптарының бұзылуы дәлелденген жағдайда тиісті шара қолдану бойынша шешім шығарады.

Адалдық – адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық-этикалық жиынтығы. Өскекең ұрпақты адалдыққа, тазалыққа, ізгілікке, мейірімділікке, парасаттылыққа баулу – бүгінгі күннің еншісіндегі іс.

«Адалдық дүкені» білім алушы жастарымыз үшін тәрбие мекені болатынына біздің сеніміміз мол!

**Элвира ТУРЕГЕЛДИЕВА,**  
«Парасат» басқармасының бас маманы

# Будущее: духовное совершенство

Одним из важных факторов образования нынешнего поколения является формирование ценности истории и исторического сознания.

«Рухани Жанғыру» — программная статья Главы государства, ориентированная на возрождение духовных ценностей казахстанцев с учетом всех современных рисков и вызовов глобализации.

Проблемы воспитания патриотизма среди подрастающего поколения особенно актуальны в быстроменяющихся условиях развития общества.

В соответствии с программой «Рухани Жанғыру Будущее: духовное совершенство» на кафедре НП и НХ, 7.11.19г. в 214Б доцент Ажикова Р.М., профессор Кадыгозов Е.К., организовали встречу – дискуссию со студентами группы ХТ-19-р1, ХТ-18-6к1», ХТ-19-7к, ХТ-19-6к, ХТ-18-6р. (всего 21 чел.) с приглашением лектора Г.М. Булегеновой на тему «Тәуелсіздік тұғыры берік болу үшін: ұлттың рухы биік саналы жастар керек» («Для того, чтобы быть прочным фундаментом независимости: нужна молодежь с высоким духом нации»).

На встрече перед студентами профессор Калдыгозов Е.К., отметил, что образование и воспитание составляют единое целое, оба необходимы молодым людям. Поэтому такие значимые мероприятия, беседы и содержательные встречи, особенно ценны и полезны для молодежи.

Лектор Булегенова Г.М. в рамках президентской программы «Рухани Жанғыру»: «Будущее: духовное совершенство», провела презентацию на тему: «Для того, чтобы быть прочным фундаментом независимости: нужна молодежь с высоким духом нации».

В своей презентации лектор отметила, 12 апреля 2017 года была опубликована статья Главы Государства Казахстана «Программа Рухани жанғыру», направленная на модернизацию общественного сознания и возрождения национальных ценностей, стимулирующих патриотическое сознание, пробуждения у студентов национального сознания.



Лектор в своем докладе уделила особое внимание студентам, что Первый Президент в своей статье возлагает большие надежды на вас, молодое поколение, которому строить новое будущее страны; объяснила студентам о задачах и стратегии молодежи, о значении духовных ценностей и модернизации. В материалах презентации лектор приводила изречения великих ученых философов, слова о мудрости Абая, известные произведения М.Ауэзова, проникновенные строки Джамбула и стихи о Родине, которые укрепляют в общественном сознании каждого молодого человека ценности Независимости, чувство патриотизма, толерантности, чтить и сохранять традиции своего народа.

Главная роль, отметила лектор, отводится системе образования и задача педагогов разъяснять основы патриотизма и всесторонне развивать здоровое чувство духа нации.

Студенты с энтузиазмом восприняли программную статью Главы государства

«Рухани Жанғыру», студенты задавали вопросы, участвовали в дискуссии.

Выступающие зав.кафедры Сакибаева С.А., доцент Турбекова Г.З., доцент Ажикова Р.М. преподаватель, куратор Укубаева А. говорили о задачах молодого поколения, значимости образования и его роли в проветании страны и пожелали студентам успехов в обучении и достичь поставленные ими цели.

В завершении студенты и преподаватели выразили благодарность лектору Булегеновой Г.М. за содержательную презентацию и пожелали дальнейших успехов в реализации программы «Рухани Жанғыру» среди молодежи.

**Р.М. АЖИКОВА,** доцент,  
**А.У. САРСЕНБАЕВА,** ст.преподаватель  
**Г.И. ДУСМЕТОВА,** докторант  
Кафедра  
«Нефтепереработки и нефтехимии».



## Ынтымақ пен бірліктің үлгісі

Елімізде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өзге елдерге, мемлекеттерге үлгі көрсетіп қана қойған жоқ, бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырды. Ассамблея мүшелері қашан да қазақ елінің ынтымағы мен бірлігін жақтап келеді. Алғашқы референдумнан бастап бүгінгі күнге дейін Ассамблея өмірлік маңызды мәселелердің бел ортасынан табылып келеді. Достыққа дәнекер, ұлағатты істерге ұйытқы болуда.

Елбасы бір сөзінде: «Мені небір қиын күндерде де демеп жүретін - халықтың қолдауы, Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстардың достығы. Біз қоғамда қалыптасқан саяси тұрақтылықты, ұлттар арасындағы ауызбіршілікті, ағайын арасындағы сыйластықты, адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін көздің қарашығындай сақтауды балаларымыздың балаларына аманат етіп өтуге тиіспіз!» - деп атап көрсеткен болатын. Ассамблея бұл бағытта, еліміздегі бірлікті сақтауда маңызды рөл атқарып отыр. Бір сөзбен айтқанда, Ассамблея өз міндетін орындап келеді. Соның арқасында Қазақстанды мекендеген ұлттар мен ұлыстардың достығы көрініс тауып отыр. Қазақстан дамуының бір модулі ретінде Ассамблеяның өз міндеті бар. Оның ішінде Қазақстанда мекендеп отырған әр түрлі этнос өкілдері өзінің мәдени және тарихи, этнографиялық өмірінен қалыс қалмай, осында өмір сүре отырып, өздерінің тарихи танымын байытуда, өздерінің мәдениетін, өнерін жоқатпай отыр. Ассамблея Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің басын қосып, жан әлемінің де, басқасының да көрініс табуына ықпал етіп, құрылым ретінде қызмет етуде.

Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құрылымға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие болған бірден-бір ұйым. Жиырма бес жылдық тарихында аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы ұйым екендігін уақыттың өзі дәлелдеді. Үстіміздегі жылы елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдық тойы республикалық деңгейде мерекеленеді. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты халыққа арналған Жолдауында «Ассамблея құрылуының 20 жылдығын атап өту арқылы біз қазақстандықтардың рухани күш-қуатын арттыруымыз және толеранттылығын еселеуіміз керек. Сондықтан да біз

Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар - ел игілігі жолында ынта мен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім - ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өткен болатын. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі - этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Барлық Қазақстан халқын біріктіретін бірден-бір фактор - қазақ тілі. Қазақ тілі - ұлт пен ұлысты біріктіруші, ұйыстырушы, түсіндіруші, бір-бірімен ұғыстырушы құралға айналатын мемлекеттің ең басты тетігі. Мемлекеттік тіл арқылы түсінісе білсе, онай әрі жеңіл болады. Сондай күнге жетсек, Ата Заңымыздағы мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесін толық орындауға мүмкіндік болады деп есептеймін. Шынында, түпкілікті елдің елдігі, айналып келгенде, бір тілде түсінісуіне келіп тіреледі. Осы тұрғыдан алғанда, Ассамблеяның көтерген жүгі де, ондағы Елбасы сөзінің салмағы да осы мемлекеттік тілге жаңа бір мазмұн бергендей. Онда орыс тілді ағайындарға да, өзге ұлт өкілдеріне де Елбасы: «Біз 20 жыл уақыт бердік, ешкімді көзге шұқыған жоқпыз, кеудеден итерген жоқпыз, тіл үйренуге барлық жағдайды жасадық, ал енді сөйлейтін болсаң, өзінді мәжбүрлеп, қинап сөйлеме, қазақ халқын құрметтеп сөйле. Қазақ халқы сондай құрметке татитын халық», - деп баса айтты. Бұл Ассамблеяның үлкен жетістігі, көрінісі деп ойлаймын.

«Елу жылда - ел жаңа» дейді бабаларымыз. Қазақ қоғамы 50 жылда емес, 20 жылға жетпей-ақ жаңарды. Жаңа тұрпатты, жан-жақты жетілген жаңа ұрпақ өсіп, өркендеді, қалыптасты. Қазақстан атты қуатты, жас та өршіл мемлекет өркеніет көшіне қарқынды қадам басты. Бүгінгі таңда кең байтақ Отанымызда ырыс бар, берекеміз бар. Ол - осы бірлік пен ынтымақтың арқасы. Достық пен өзара жарасымдылықтың арқасы. Талай қиындықтарға төзе білген қазақ халқының арқасы деп ойлаймын.

Серикали Бихожаұлы АБЛАЕВ

## Вечер памяти Пушкина и Абая

11 февраля с 15:00 до 17:00 в Областной библиотеке им. А.С. Пушкина состоялась литературная гостиная на тему «Вечер памяти Пушкина и Абая»

В данном мероприятии выступили одними из организаторами студенты Южно-Казахстанского Государственного Университета им. М.Ауэзова факультета «Культура и спорт» кафедра «Культурная и социальная работа» студенты 1-2 курса 19-15р и 18-15р под руководством куратора старшего преподавателя, к.п.н Тарасенко Т.В.

Участниками вечера были школьники города Шымкент. Школьники и студенты читали известные стихотворения Великих поэтов, прозу, украсило мероприятие звучание музыкальных произведений - это были романсы и отрывки из оперных сочинений, а так же зажигательное исполнение цыганского танца - Белоусовой А. и Аньшиной Д.



Все участники получили ценные призы - почетные грамоты и книги от спонсоров АРСК.

Т.В. ТАРАСЕНКО, старший преподаватель, к.п.н факультет «Культура и спорт» кафедра «Культурная и социальная работа»

## Тамырсыз тал болмайды, тарихсыз ел болмайды!

Президенттің «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ұлтымыздың болмысын, негізін айшықтап, қазақ халқының тарихын түп тамырынан қозғап, салт-дәстүрімізді дәріптеп, яғни, Қазақстан Ұлы дала елі екенін айтып өтті.

Мақаланы оқып отырып түйгенім, сонау тарих тұңғығына тереңдей еніп, «Біз кімбіз?» деген сұраққа нақты жауап тапқандай болдым. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өлең-жырлары, ұлттық ойындары, музыкалық мұрасы, аспаптары баға жетпес асыл қазынасы екенін дәріптеп отыр. Сол тарихи әрі рухани байлықты сақтап, дала кеңістігінен шыққан өркениеттік жетістіктерді ұмытпай, дәріптеп әрі қарай дамытуды Қазақстанның өркендеуіне үлес қосар өскелең ұрпаққа еншілеп бергенін түсіндім.

«Ер қанаты -ат», -деп өткен қазақ халқын арғымақсыз елестету мүмкін емес. Тарихымызда өткен көптеген сұрапыл қырғын шайқастарға батырларымыз жылқы мініп, ұлтымызды, жерімізді сақтап қалу үшін күрескен. Атақ мінә мәдениетін зерттей отырып, қазіргі кезге дейін өз жалғасын тауып келе жатқан ат әбзелдері қазіргі таңда бойтұмарларымыз десек те болады.

Қазақ халқының бай тағдырын түгендеп, өткенімізді жаңғырту жолында «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасының маңызының өзі айтпаса да түсінікті болып отыр. «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобасы Әбу Насыр әл-Фарабиді өмірге әкелген орны бөлек Отырар, Қожа Ахмет Яссауи ілім алған Түркістан қалаларын тарих сахнасында қайта жаңғыртып, бейбітшіліктің символына айналған Астанамызды түркі тілдес халықтардың ортақ ордасына айналдырған Елбасының көрегендігін атап өтсек болады.

«Қазақ тарихында қазақ ұялатын ешнәрсе жоқ», - деп Елбасымыздың айтқан сөзімен қорытындылап, келешекте де ұлтымыздың тарихында ел ұялатын ешнәрсе болмайды деген сенімдемін.

Ш.Қ. БЕЙСЕНБАЕВА,  
Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебінің Оқу және оқу - әдістемелік жұмысы жөніндегі декан орынбасары,  
С. М. КОНЫСБЕКОВ,  
Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебінің Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары

## ЕЛ ЕРТЕҢІ - ЖАСТАР



«Мен еріктілер адал ниетті адамдар екеніне сенемін. Волонтерлік - бұл шынайы патриотизмнің бейнесі, өйткені сіз елге қызмет етіп, барлығын да халық үшін жасауға тырысасыздар», - деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Волонтер жылын өткізу бойынша 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы жасалды. Жоспар жобасында волонтерлікті дамытудың 7 бағыты қарастырылған. Волонтерлік бағытында инфрақұрылымды дамыту жоспарланған. Елімізде «Bilim», «Sabaqtastyq», «Saulyq», «TazaQazaqstan», «Asylmura», «Qamqog», «Umit» жобалары аясында еріктілерді қолдау орталықтары құрылады.

«Sabaqtastyq» жобасы аясында еріктілер балалар үйінің тәрбиеленушілерін өз қамқорлықтарына ала алады. «Saulyq» бағыты бойынша медициналық көмек, яғни ауырған адамдарға жәрдем көрсетеді. «Taza Qazaqstan» жобасы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған. «Asylmura» бағыты материалдық және рухани, мәдени-тарихи мұраларды сақтау жұмыстарына бағытталады. Ал «Qamqog» бастамасы қарттар үйіне көмек көрсетсе, «Bilim» жобасы ауыл мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау жұмыстарына, ағылшын тілін үйретіп, компьютерлік сауаттылықты жетілдіруге көмектеседі. «Umit» жобасы бойынша еріктілер Ұлы Жеңістің 75 жылдығы аясында отандастарымыздың ерлігін баяндайтын құжаттарды іздестірумен айналысады.

Волонтерлік қызметтің ауқымы кең: экологиялық апаттар, ағаштар, гүлдер отырғызу, халықтың қауқарсыз тобына: кәрі адамдарға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға, үйсіздерге көмек, ірі қалалық, халықаралық іс-шаралар, фестивальдарды және т.б. қамтиды.

Өз еркімен қоғамға пайдасын тигізуді көздейтін волонтерлер қатары жыл санап артып келеді. Бүгінде әлем халқының 970 миллионы волонтер болса, оның ішінде әрбір сегізінші қазақстандық волонтер қатарын көбейтуде. Қазақстан Республикасы аймағында 287 волонтерлік ұйым қызмет етеді. Олардың көбісі әлеуметтік салада жұмыс атқарады. Олардың ішінде «Ұлттық волонтерлік жүйесі», «Қазақстанның қызыл айы», Қазақстандағы БҰҰ еріктілер бағдарламасы, «Клуб 28 петель», және «Лидер» т.б. бар. Сонымен қатар, еліміздің әр қаласында қарттар, жетімдер, апат құрбандары және өзге де көмекті қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек көрсететін жастар ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді.

Әсіресе, еліміз үшін еріктілердің аудармашы ретінде қатысулары үлкен пайда, оны мемлекетке, елге қызмет деп түсінемін. Сондықтан, волонтер болу студенттің тұлғалық дамуына сеп болатын басты байлық деп есептеймін.

Р.Н. ОРАЗАЛИЕВА,  
«Техникалық мамандықтар үшін жоғары математика және физика» кафедрасы аға тәлімгері

# 100 жаңа оқулық жобасы

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды қажет ететін нақты жобалардың керек екенін айтып өтті. Осыған байланысты Елбасы алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет бірнеше жобаны ұсынды. Бірінші қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау болса, екінші жоба қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алу еді. Жобаның мақсаты – гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі таңдаулы оқулықтарды қазақ тіліне аударып, жастарға жаңашыл бағытта білім беру. Елбасы өз сөзінде мынаны айтты: біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз және де гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет екенін айтып өтті. Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз.

Бұлардың қай-қайсысы да адамның жеке тұлға және маман ретінде қалыптасуына зор ықпал ететін білім салалары. Олар қоғамдағы азаматтық ұстаным, моральдық құндылық, ар-ождан негіздерін қалайды. Осы орайда «Механика және мұнай газ ісі» факультетінің «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы 2 курс студенттеріне арнайы тәлімгерлік сағат өтілді. Бұл шараның мақсаты - Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі жобаларымен таныстыру, студенттердің саяси және экономикалық білімін қалыптастыру.



Автор Стивен Кови бірнеше белгілі туындыларды жазған, соның ішінде халықаралық бестселлерге айналған «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» кітабы. Кітап әлемнің 40-қа жуық тіліне аударылып, XX ғасырдағы бизнес бойынша ықпалды кітаптардың арасында бірінші орын алды, менеджмент бойынша іскерлік әдебиет тарихында ықпалды он кітаптың қатарында. Кітапта бірінші кезекте «жетістікке жету» жайлы емес, мінез қалыптастыру жөнінде жазады, осылайша адамдарға жай ғана тұлға емес, нағыз көшбасшы болу керектігін айтады. Және де адам дамуының негізгі тетіктері - дағды, білім, ептілік пен ниет ету сияқты қасиеттерді бір арнада тоғыстыра білді. Адам баласына үздіксіз кемелдену, проактив болу, әрекет ету, ынта білдіру, өз сөзіне құлақ салу, өз-өзінді басқару принциптері, күш-жігер туралы да айтылады. «Жеті дағды» өзіңізді өзіңізге қайтарып, бар болмысыңызды айна-қатесіз көрсетеді.

Бұл кітап маңызды өзгерістер алдымен бәрін іштен сыртқа шығару арқылы жүзеге асады деп айтады. Жеке өзгерістер үдерісін бастаған соң сіз ортаңызды да өзгерте бастағаныңызды көресіз, өйткені сіздің ортаға ықпалыңыз артып, үлгі бола бастайсыз. Автор адамдарға өзіне ұнайтын және қолдан келетін іспен айналысу керек екенін айтады, жастарға «әуелі түсінуге, содан кейін түсінікті болуға тырысыңыз» дейді және адам неғұрлым шыдамды болса, тыңдай білсе, үйренсе, өз-өзін тәрбиелесе, үлкен жетістікке жететінін насихаттайды.

«Құбылмалы әлемде өмір сүру үшін бізге бұлжымас принциптер керек. Біз бақытты болуды қалаймыз, алайда жауапкершілікті сезінбейміз. Ештеңе төлемей, еңбектенбей табысты болып, бір мезгілде сымбатты болуды қалаймыз. Басқа сөзбен айтқанда, біз өзімізде ешқашан болмайтын сыйлықты демеуіміз. Сондықтан да өзіңізді тәрбиелеу үшін осы кітапты оқуға кеңес береміз», - деп топ тәлімгері өз сөзін аяқтады.

Қазіргі таңда «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында 100 оқулықтың 18-і, одан соң 30-ы баспадан шықты. Деректерге сүйенсек, келесідей кітаптар аударылған: Дерек Джонстон «Философияның қысқаша тарихы. Соқраттан Дерридаға дейін»; Энтони Кенни «Батыс философиясының жаңа тарихы. Орта ғасыр философиясы», II томы; Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы»; Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортега «Әлеуметтану негіздері»; Джордж Ритцер, Джеффри Степникидің «Әлеуметтану теориясы»; Эллиот Аронсон «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе»; Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы»; Дэвид Г.Майерс, Жан М.Туенж «Әлеуметтік психология»; Н. Грегори Мэнкью, Марк П.Тейлордың «Экономика»; Дональд Ф.Кураатконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика»; Рикки У.Гриффин «Менеджмент»; Светлана Тер-Минасова «Тіл және мәдениетаралық коммуникация»; Алан Барнард «Антропология тарихы мен теориясы»; Клаус Шваб «Төртінші индустриялық революция», Малькольм Н.Шо «Халықаралық құқық I.П.», Стивен П.Роббинс, Тимати А.Джадж «Ұйымдық мінез – құлық негіздері» және т.б. аударылған.

Қорыта айтқанда, Елбасының саралы саясаты мен ұлт жолындағы ұстанымдары болашаққа бағдар көрсетумен қатар алдағы рухани дамуымызда маңызы зор. Әлемнің озық оқулықтарын аудару арқылы біз білім, ғылым саласындағы озық ойды жастардың санасына сіңіріп, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен тең ойлай алатын, бәсекелесе білетін ұлтты қалыптастыруымызға себеп болады.

**Р.Н. ОРАЗАЛИЕВА,**

**«Техникалық мамандықтар үшін жоғары математика және физика» кафедрасы оқытушысы, аға тәлімгер**

## Проект «100 новых учебников» в реализации!



На военной кафедре Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова организован и проведен тематический вечер «100 жаңа оқулық» с участием профессорско-преподавательского состава, учебно-вспомогательного персонала военной кафедры, а также 20 преподавателей – руководителей начальной военной подготовки средних школ Департамента образования Туркестанской области, которые проходили курсы повышения квалификации.

Мероприятие проведено с целью ориентирования общественного сознания преподавателей в свете претворения в жизнь проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» программы Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева «Рухани жаңғыру».

В рамках мероприятия организована выставка книг «Өркениетке бастайтын рухани жаңғыру», на которой представлены 20 наименований учебников проекта «100 новых учебников» известных зарубежных авторов.

На мероприятие приглашены начальник проектного офиса университета по модер-

низации общественного сознания Гульнара Амирбаевна Жанысбекова, заместитель директора образовательно-информационного центра Гульбахира Кансапаровна Мынбаева ЮКГУ им. М.Ауэзова, а также сотрудники Централизованной системы массовых библиотек имени Абая Гульмира Омиразковна Сапарова и Гульмира Ергешевна Абуова.

В начале своего доклада Г.Жанысбекова обратила внимание присутствующих на основные задачи программы Елбасы Н.Назарбаева «Рухани жаңғыру», которые поставлены перед казахстанцами в целях модернизации общественного сознания. «Задачи эти выполнимы, если каждый из нас не будет равнодушен к своей профессии, выполняемой работе, традициям, истории Казахстана, особенно это важно для педагогов, - » отметила докладчик.

Гульнара Амирбаевна в беседе посетовала на то, что однажды в одной из встреч с молодежью никто из парней не смогли сбить кости-асыки в казахской народной игре «Асык»... Всеобщее одобрение получило ее обращение к присутствующим офицерам-преподавателям в игровой форме воз-

рождать казахские национальные традиции, игры.

Далее Г.Жанысбекова подробнее ознакомила присутствующих с несколькими новыми изданиями проекта «100 новых учебников».

Библиотекари Централизованной библиотеки имени Абая Г.Сапарова, Г.Абуова в своих выступлениях дали краткую аннотацию вышедшим в свет на казахском языке новым учебникам. Их презентация вызвала огромный интерес к представленным книгам. Пользуясь возможностью, Г.Сапарова и Г.Абуова рассказали о Централизованной библиотеке имени Абая и пригласили стать их постоянными читателями.

На сегодняшний день переведены 49 учебников в гуманитарной сфере. С этими книгами студенты нашего университета могут ознакомиться в образовательно-информационном центре ЮКГУ им.М.Ауэзова, а также в Централизованной системе массовых библиотек имени Абая, с которой военная кафедра имеет тесную связь.

Заместитель начальника военной кафедры Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова подполковник запаса Абдихан Амирханович Урустамбеков в заключительной части встречи отметил, что для профессорско-преподавательского состава военной кафедры наличие в библиотеках новых учебников на казахском языке зарубежных авторов - это расширение своих интеллектуальных способностей, возможность патриотического воспитания молодежи военной кафедры на качественно более высоком уровне.

Присутствующие дали высокую оценку качества презентуемых новых изданий. Мы получили доступ к мировым знаниям в гуманитарной сфере. Труд специалистов, переводчиков, издателей дает огромный шаг в повышении интеллектуального потенциала казахстанской молодежи, для развития современного Казахстана.

**Г.Н. УТЕМУРАТОВА,**  
**специалист ВУК военной кафедры ЮКГУ им.М.Ауэзова**





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени М.АУЕЗОВА

«МИРАС» РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АКАДЕМИЯСЫ (ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМЫ)  
(ОБЩЕСТВЕННАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ) АКАДЕМИЯ ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ «МИРАС»

3 сәуір  
апреля



А.Құнанбаевтың туылғанына 175-жыл толуына орай  
«ТҮРКІ ӘЛЕМІ:  
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ  
XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУ ФОРУМЫ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЙ ФОРУМ

«ТЮРКСКИЙ МИР:  
ВЗГЛЯДЫ АБАЯ КУНАНБАЙУЛЫ И  
МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВА В XXI ВЕКЕ»  
посвященный 175-летию со дня рождения А.Кунанбаева

## Шығармашылық байқауға шақырамыз

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың гуманитарлық, педагогикалық, филологиялық және шығармашылық бағыты бойынша «МИРАС» рухани жаңғыру Академиясы 2020 жылғы 3 сәуірде орта білім беру мекемелерінің 9-11 сынып оқушылары, арнайы білім беру орындарының I-II курс және жоғары білім оқу орындарының I курс студенттері арасында «ТҮРКІ ӘЛЕМІ: АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ» атты Халықаралық мәдени-ағарту форумы ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобалардың III байқауын өткізеді.

### Форумның мақсаты:

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламасын іске асыру;
- ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылғы 30 мамырдағы «Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын мерекелеу туралы» Жарлығын орындау;
- 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы қазіргі заманғы тиімді мемлекет» I бөліміндегі қойылған міндеттерді орындау;
- 2020 жылғы 9 қаңтардағы «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаланы жүзеге асыру.

### Форумның міндеттері:

- әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени-тарихи процестердегі түркі өркениетінің дамуы;
- Абай Құнанбайұлының XIX ғасыр далаларындағы қоғамдық қатынастар туралы пікірлері;
- Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы түркі әлемі, жаңа деректерді талдау және жүйелеу;
- Ұлы дала мен түркі әлемінің белгілі тарихи тұлғаларының өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттар тарату;
- Абай Құнанбайұлының мұрасы, түркі әлемінің кеше және бүгінгі күні;
- қоғамды модернизациялау, сонымен қатар XXI ғасырдағы қазіргі түркі әлемінің өзекті мәселелері;
- тарих, әдебиет, музыка, театр және бейнелеу өнеріндегі жеке тұлғалар галереясын құру;
- студенттердің және жас ғалымдардың түркі әлемін зерттеу бойынша перспективті ғылыми зерттеулерін қолдау және ынталандыру;
- бейнелеу өнері, дизайн, музыка және театр саласындағы мамандардың шығармашылық әлеуетін дамытудың жаңа бағыттарын талқылау;
- ұлттық танымал ғылыми кітапханалардың, өлкетану мұражайларының, мұрағат

қорларының, қоғам қайраткерлерінің, жастар саясаты бөлімдерінің мамандарын, еріктілерді және білім басқармасының өкілдерін тарту;

- М.Әуезов атындағы «Абайтану», «Түркітану» орталықтарының жас ғалымдарының ғылыми жетістіктерінің көрмесін жасау.

Халықаралық мәдени-ағарту форумы «Ұлы Абайдың мұрасы», «Түркі әлемінің өркениеті: кеше және бүгін» атты 2 секция бойынша өткізіледі.

**I кезең – 13.01. - 31.03.2020 жылға дейін, форумға қатысу үшін өтініштер мен ғылыми және шығармашылық жобаларды тіркеу, жобаларды іріктеу.** Ғылыми-зерттеу немесе шығармашылық жобалар секция жетекшілеріне жіберіледі, жұмыстың сапалығы мен дұрыс рәсімделуіне қарай Академияның базалық офисіне жолданады және байқаудың қатысушылар тізіміне енгізіледі. I іріктеу кезеңнің қатысушыларына II кезеңге өз жобаларын қорғау үшін хабарлама жіберіледі.

**II кезең – жобаларды қорғау 2020 жылғы 3 сәуір.** Ғылыми және шығармашылық жобаларды МИРАС рухани жаңғыру Академиясының жетекшілерінен ұйымдастырылған комиссия қарайды (өтінімдер мен жобаларды қабылдау, сараптама, шолу, талдау, келесі кезеңге арналған ең жақсы зерттеу жобаларын іріктеу, тандалған жобалар бойынша халықаралық мәдени-ағарту форумына қатысушылар құрамын қалыптастыру мақсатында). Жобаларды талқылау және комиссияның қорытындысы, СЕРТИФИКАТПЕН, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИНАҚТАРМЕН, I,II,III дәрежелі ДИПЛОМДАРМЕН және сыйлықтармен марапатталады. Байқау комиссиясының қорытындылары: 4 (гуманитарлық, педагогикалық, филологиялық және шығармашылық) бағыт бойынша 4 (төрт) ҮЗДІК ЖОБА ғана.

**III кезеңге 2020 жылы 21 мамырда өтетін Халықаралық Ғылыми Конгреске** қатысады және жобалары Халықаралық ғылыми конгресс МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫНДА жарияланады.

**Жобаларды қабылдау жөнінде барлық сұрақтармен жауаптыға хабарласу үшін:** Торғаутова Шолпан Аширәлиевна - М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бас менеджері, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «МИРАС» рухани жаңғыру Академияның жетекшісі. (7252)21-16-37, 8-701-647-15-14. [torgautova82@mail.ru](mailto:torgautova82@mail.ru)

Гульнар ЖАНЫСБЕКОВА,  
«Рухани жаңғыру»  
жобалық кеңсесінің басшысы  
Тарих ғылымдарының кандидаты,  
доцент

## Приглашаем на творческий форум

Академия духовной модернизации «МИРАС» (общественная организация) ЮКГУ имени М.Ауэзова по гуманитарным, педагогическим, филологическим и творческим направлениям проводит 3 апреля 2020 года Международный культурно-просветительский форум «ТЮРКСКАЯ МИР: взгляды Абая Кунанбайулы и модернизация общества в XXI веке» - III-ой КОНКУРС НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ И ТВОРЧЕСКИХ ПРОЕКТОВ среди учащихся 9-11 классов средних общеобразовательных, студентов I-II курса технических и профессиональных учебных заведений.

### Цель форума:

- реализация программной статьи Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней Великой Степи»;
- исполнение Указа Президента РК Касым-Жомарта Кемеловича Тоқаева от 30.05.2019г. «О праздновании 175-летнего юбилея со дня рождения Абая Кунанбайулы»;
- выполнение задач поставленных в Послании народу Казахстана от 2.09.2019г. «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» ч.1. Современное эффективное государство»;
- реализация статьи от 9.01.2020 г., «Абай и Казахстан в XXI веке».

### Задачи форума:

- обсуждение развития тюркской цивилизации в социально-экономических, общественно-политических и культурно-исторических процессах;
- взгляды Абая Кунанбайулы на общественные отношения Степи XIX века;
- тюркский мир в произведениях Абая Кунанбайулы, анализ и систематизация новых источников;
- распространение информации о жизни и деятельности известных исторических деятелей Великой Степи и Тюркского мира;
- наследие Абая Кунанбайулы, тюркский мир вчера и сегодня;
- модернизация общества, а также актуальные вопросы современного Тюркского мира в XXI веке;
- создание галереи личностей в истории, литературе, музыке, театре и изобразительном искусстве;
- поддержка и стимулирование перспективных научных исследований учащихся, студентов и молодых ученых по исследованию Тюркского мира;
- обсуждение новых направлений в развитии творческого потенциала и специалистов в сфере изобразительного искусства, дизайна, музыки и театра;
- привлечение представителей национальных научно-популярных библиотек, кра-

еведческих музеев, архивных фондов, общественных деятелей, отделов молодежной политики, волонтеров и управлений образования региона;

- выставка достижений молодых ученых центра «Абайтану», «Тюркология» ЮКГУ им.М.Ауэзова.

Международный культурно-просветительский форум будет проведен на КОНКУРСНОЙ ОСНОВЕ по 2 секциям: 1. Наследие Великого Абая»; 2. Цивилизация тюркского мира - вчера и сегодня».

**I тур – с 13.01. - по 31.03.2020 года регистрация заявок и научно-исследовательских и творческих проектов для участия в форуме, отбор проектов.** Научно-исследовательские и творческие проекты направляются руководителям секций, которые оценивают их качество выполнения и направляются в базовый офис Академии, для включения в состав конкурсантов. Участникам прошедшим I отборочный тур будет отправлено оповещение, для представления и защиты своего проекта на II тур.

**II тур – защита проектов 3 апреля 2020 года** защита научно-исследовательских работ и творческих проектов в ЮКГУ им.М.Ауэзова, обучающихся г.Шымкент и Туркестанской области. (Презентации и доклады, проведение концерта, постановка миниспектакля, поэтические выступления творческих коллективов учащихся общеобразовательных и среднеспециализированных учебных заведений прошедших отборочный этап). Объявление результатов. Обсуждение проектов и заключение комиссии, награждение СЕРТИФИКАТАМИ, ЭЛЕКТРОННЫМИ СБОРНИКАМИ, ДИПЛОМАМИ - I,II,III степени, памятными сувенирами.

По результатам конкурсной комиссии только 4-е (четыре) ЛУЧШИХ ПРОЕКТА по 4 (гуманитарным, педагогическим, филологическим и творческим) направлениям пройдут в

**III тур для участия на Международном Научном Конгрессе, который состоится 21.05.2020г.,** и удостоены права опубликования своих проектов в СБОРНИКЕ МАТЕРИАЛОВ Международного Научного Конгресса. По вопросам приема проектов обращаться ответственному: Торғаутова Шолпан Аширәлиевна - главный менеджер Проектного офиса «Рухани Жаңғыру» ЮКГУ им.М.Ауэзова, руководитель Академии духовной модернизации «МИРАС» ЮКГУ им.М.Ауэзова - (7252) 21-16-37, 8-701-647-15-14. [torgautova82@mail.ru](mailto:torgautova82@mail.ru)

Гульнар ЖАНЫСБЕКОВА  
Начальник проектного офиса  
«Рухани жаңғыру»  
Кандидат исторических наук, доцент

# Абай Құнанбаев - қазақ халқының ақыны және ағартушысы

«Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу», – дейді Абай. Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан өлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де, маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.



Биылғы жылы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толып отыр. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы шығып, Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын Халықаралық деңгейде атап өту жоспарлануда. Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. Әрине, Абай ағамыз туралы айта беру артық емес. Бір қарағанда таныс тақырып, таныс бейне секілденгенмен, ол туралы білетініміз тым аз – ау. Ұлылықтың сырына қанық болғымыз келсе, даралықтың қандай болатынын ұғынғымыз келсе, дана Абай әлемін шарлау керек. «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» екі жаққа үңілген ұлы Абай, халықты өркениеттің өріне алып шыққан. Ол халыққа ғылым мен білім, өнер жолын үйретті. Замананың тұрпатын, ұлт тұрмысының кемшілікті тұстарын Абайдай көре білген, ұлы ақындай таныған жан кемде-кем. Абай жасампаздығының мәңгілігі мен өнерінің өрістілігі осында жатса керек.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын

орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырғанын атап өткен Президент ақынның мұрасы парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі екенін, сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн екенін атап өтті. «Біз елді, ұлтты Абайша сүйюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты», – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге 175 жыл бойы өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре бермек. Ол өткен заманның, кешегі түркі дүниесінің соққан тынысы болса да, бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды Абай лебі, Абай үні, заман тынысы, халық үні. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.

**А.С.АЙТБАЕВА, А.Б.САПАРХАНОВА, «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының магистр оқытушылары**

# Абай әлемін жас ұрпаққа дәріптеу

М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінде мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбында жарияланған мақаласын талқылау жиыны болып өтті. Дөңгелек үстелге колледж директоры Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлы және оқу орнының оқытушылары қатысты. Ел Президенті мақаласының мазмұнына ерекше тоқталып, ондағы жоспарларды жүзеге асыру жолдары жайлы сөз қозғады.

Ұлт әдебиетінің негізін қалаушы, ұлы ойшылдың даналық сөздерінің қазіргі қоғаммен астасып жатқан байланысы жайлы келелі пікірлер айтылып, тың ойлар талқыланды. Сонымен қатар, Абай өлеңдерін оқу эстафетасын жалғастыру мақсатында іс-шараға қатысқан оқытушылар Абайдың жатқа бірнеше өлеңдері мен қара сөздерін оқыды. Қанша уақыт өтсе де, ұлы ғұламаның ой-тұжырымдары қазақ елі үшін маңызын ешқашан жоймайтын рухани азық екендігін негізге ала отырып, тұжырымды ойлар талқыға түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтқандығын мәлімдеген болатын. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызды мәселеге айналғандығына Президент ерекше тоқталды. Ұлт руханиятын жаңғырту ісінде Абай мұрасының тигізер пайдасы зор екендігін, сондықтан оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын атап айтты.

Жиын барысында баспа бетіндегі мақаланың осындай маңызды тұстарына көп тоқталып, оқытушылар ондағы негізгі бес бағыт жөнінде пікір білдірді. Абай шығармаларындағы ғылым мен білім тақырыбына талдау жасаған мемлекет басшысы ақын тұжырымдары қазір де өзектілігін жоймағанын жазған болатын. Осы жөнінде білім жүйесіне қатысты Абайды дәріптеудің өскелең ұрпаққа маңызы зор екендігін ұстаздар ақын туындыларынан мысал келтіре отырып, дәйекті сөздермен дәлелдеді. Абай әлемін жас ұрпаққа дәріптеуге арналған колледжішілік іс-шаралардың жоспарлары құрылып, ұжым мүшелері бірнеше оқытушыны аталмыш шараларға жауапты етіп тағайындады. Ұлы ойшылдың 175 жылдық торқалы тойына арналған мәдени жиындарда әрбір колледж оқытушысының белсенділік танытуы қажет екендігі айтылып, жиын қорытындыланды.

**Б.Қ.МАРКАБАЕВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжі директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары**

# Дара Абай, дана Абай

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына байланысты іс-шараны М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінің оқытушылары Н.Досыбай және Б.Бердимуратова ұйымдастырды. Бұл шара барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы талқыланды.

Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Президентіміздің мақаласын талқылау барысында колледждің акт залында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оған колледжіміздің ТҮн-19-1, ТҚн-18-1к, ЕАн-18-1к топтары мен колледжіміздің орыс тілі және орыс әдебиеті пәндері оқытушылары С.Н.Автюхова, Р.К.Альзакова, А.К.Ниязова қатысты.

Сонымен қатар мақаланы талқылау бойынша колледжімізде тәрбиелік және оқу сағаттары, ашық сабақтар да жоспарланып отыр. Мұның бәрі ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін ұйымдастырылмақ.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланғандығы дөңгелек үстел барысында талқыға салынды. Колледждің рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі Н.Ж.Досыбай жиынға қатысып отырған білім алушыларға ұлы ақынның өмірі туралы қысқаша викториналық сұрақтар қойды. Белсенділік танытып, сұрақтарға жауап берген ТҮн-19-1к, ТТ-18-1к топтарының білім алушылары арнайы марапатталды. Жиын ортасында Ұлы ақынның қысқаша өмірі туралы қойылым колледж білім алушыларына көрсетілді.

«Елдің рухани дамуында ерекше орны бар» тақырыбында Н.Ж.Досыбай баяндама жасады. Баяндама барысында Ұлы ақынның өмірі туралы баяндап, сонымен қатар Абайдың қастерлі мекені, әйгілі Жидебайда абағандыру жұмыстары жүріп жатқандығына тоқталды. Президентіміздің «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдырғандығы жайлы баяндады. Іс-шара соңында колледж білім алушылары мен оқытушыларына Семей жеріндегі ұлы ақынның туып-өскен жері жөнінде «Жидебай Абайдың жолымен» атты бейнеролик көрсетілді.

**Бақтылы БЕРДИМУРАТОВА,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінің кітапхана меңгерушісі**



# Абай даналығының сыры неде?

Сөзімізді бастамас бұрын айтарымыз мынау: әрбір дүниенің қыры мен сыры болады. Сөз деген құдіреттің өзі адам секілді. Формасы болады, мазмұны болады. Сөз мәйегін әр адам әрқалай тереді. Алайда ол сөз сөз күйінде. Мұны басқа көзқараспен немесе басқа адам айтқан екен деп, яки басқа сөзден мүлде ерекше ететін әлемі - сөздің астары ем мазмұны. Мазмұн - сөздің жаны. Алысқа орағытпай айтпағымыз: Абай Хакімнің ұлылығын шығармаларына қарап байқамақ керек. Олай болса, сіздерге ерекшеліктерін шама-шарық келгенше там-тұмдап мысал етіп айтуды жөн көріп отырмыз.

\*\*\*

Дүниенің жалған екендігінде еш шүбә жоқ. Алайда фәниден қызық іздеген адамдар үшін бұл ойымыз жаңсақ. Мысал келтірейік: ес білгелі жақсы көріп сыйласар жана-шырларымыз жанымызда жүр делік. Күндердің күнінде сол жанға медеу беріп, қуаныш сыйлар бір туысымыз дүниеден өтті. Қане, фәнидің мәңгілік бізге деген достығы, жоқ, дүние деген опасыз. Мұны білім иелері түсінсе, қара байыр түсінікте күнелткендер түсінбес. Түсініген күнде де күйбең тіршіліктің күйзелісімен ұмытып та кететініміз жасырын емес. Абай мұны сіз бен бізден артық түсінген. Тіршіліктің тегіс жолда жүйткіген көлігіндей зулап өте шығатынын ұқтық па, ұқпадық па? Анығын Алла біледі!

\*\*\*

Абайды ұлы дейміз. Неге? Мен бұл ойды жазарда суық ақылға емес, данышпан айтқандай (бұл жерде Абай), нұрлы ақыл хәм жылы жүрекке ыңғай етіп отырмын. Іске көшелік. Ең бірінші Абай өзге адамдардай емес еді. Бұған дәлел: «...Жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткізбекпіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» дейді. Осы күндегі ғұмырының орта тұсына келген адамдар осылай ойлай ма екен? Әлде олардың ойы сол баяғы ақша табу, зәулім үй соғу, қымбат көлік пен сәнді киім бе?! Жоқ, баласының баласына дейін жетерлік байлық жинап кету ме?! Осылай ойлаған ұлы ма? Манағы Абайдай арыдан ойлаған ұлы ма? Бұл сұрақтың жауабын «нұрлы ақылдың» иелері біледі!

\*\*\*

Екінші: уайым-қайғысыздығымызға уайым-қайғы қылып, онан шығатын hareket таптық па? Талдап көрелік ендеше: көбіміздің күлкі турасында айтатынымыз мынау: «Өмір бір-ақ рет беріледі, күліп-ойнап қалайық». Бұл қай ойдан шығатын қорытынды? Уайымсыздықтың, қайғысыздықтың өзі - дерт, яғни ауру. Абай аурудан айықтыратын емді тап дейді, хәм қыл дейді. Егер ол емделмей дерт күйінде қалса, адамзатты мынадай күйге душар етуі мүмкін.

«Тамағы тоқты,  
Жұмысы жоқты,  
Аздырар адам баласын»

дегені сол қайғысыздықтан шығатын дертті «азғындау» деп атады. Әлбетте, дұрыс айтылған. Ескерту тағы да Абайдан:

«Уайым - ер қорғаны, есі барлық,  
Қиыны бұл дүниенің - қолы тарлық.  
«Ене-еһеге» елірме, бозбалалар,  
Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық».

\*\*\*

Үшінші: данышпан айтқан «жан құмары мен тән құмары». Адамдардың көбі біледі екеуін, ажырата да алады. Бауыржан айтқан: «ойламаса ми сасиды» деп. Сасыған ми ғана жанның құмарын түсінбейді, сезінбейді. Жан деген - көзге көрінбейтін ғайып дүниенің бір бөлшегі, яғни Жаратқанға жақын. Ал тән деген - түбінде топыраққа баратын форма. Жауап тағы да Абайдан:

«Жалыу бар, шалқу бар, иш пысу бар,  
Жаңа сүйгіш адамзат, көрсеқызар.  
Ар мен ұят ойланбай, тән асырап,  
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар».



Ойлан. Тәннің ертеңі жоқ деп отыр, уақытыңды оған арнама. Шіритің үшін шіренбе! Қадір-қасиеті жоқ, лақпа дүниемен былғанба, алдында өкініш. Жаратқанға жақындаудың жолын ізде!

\*\*\*

Төртінші: Абай айтқан есті кісі мен есер кісінің парқы жайында. Данышпан суреттеген *есті кісі* - «орынды іске қызығып, құмарланып, іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойласа көңіл сүйсінгендей болады». Ал *есер кісі* - «орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен» деп пенделік қағиданы осылай жіктейді. Абай естінің естісі. Ішкі сырым Абайға: ақылсыз пенделердің мынадай ақылды ойлары бар «өмір бір рет беріледі, киіп қалайың, ішіп қалайың, қалтама тығып қалайың, сайып келгенде, «қолдан келсе, қоншыдан бас» деген пәндәуи қағидаларын қай типке жатқызамыз? Манағы іші былғаныш пікірді айтушылардың парасат таразысы қай деңгейде болғаны сонда?! Абайдың: «*әуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды*» деген ой тұжырымының өзі жаңағы сөздің қасында жолда қалатын сықылды көрінеді. Әй, Абай-ай, ғұмырдан түңілгеніңнің сыры енді белгілі болды-ау. «Кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» дегеніңнің сыры мен сынына енді қанық болғандаймын. Өткенде бір әншінің аузына «адам секілді өмір сүргіміз келеді, отырыста отырып, ішіп-жеп, демалып» деген оттауизмді (Б.Момышұлының термині) тыңдағаннан кейін мынадай ой түйдім: санасыз жаралған төрт аяқты малдың өзі сүті мен етің, қымызы мен қымыраны еш міндетсінбей береді. Ақылсыз жаралған хайуан ғой деп мұрын шүйретінімізді айтсаңызшы, адам адамнан қолдау табады деп ойлап ем, қателік екен, жаңағы айтылған жұмыр басты пендеден шыққан сөзден төрт аяқты мал артық. Адам деген - бір боқ көтерген боқтың қабы (Абай) екенін ұмытпағаны жөн. Жөнді-жөңсіз пікір айтып адам болғаннан, адыра қал!

\*\*\*

Бесінші: толғамды Абай айтқан ғылым жайлы суыртпақтылық. Айналамыздан «білімнің де, ғылымның да саудаға салынған заманы болды» деген сыбыстарды да құлағымыз еститін болды. Әйткенмен де уақыт өткен сайын көп нәрсенің қадірі кетіп бара жатқаны жұртшылыққа

тансық емес. Біздің бір білеріміз, ғылымның қадірі адамдар арасында кетсе де, Алланың алдында дәрежесі жоғары екені. Шаһкәрім Құдайбердіұлы сөзімізге жан берер:

Ғылымсыз адам - айуан,  
Не қылсаң да ғылым біл.  
Ғылымға да керек жан,  
Ақылсыз болса, ғылым тұл.

Он сегіз мың ғаламды алты-ақ күнде жаратқан Алланың өзі теңдесі жоқ ғалым десек, артық айтпаған болар едік. Ғылым деген дәрежелі ұғымды сақтап қалу үшін Абайға жүгініп көрелік. Не депті? «...Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсө қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.» Арғы жағы ақылдың таразысында.

\*\*\*

Алтыншы: Абайдың өмірден түйгені немесе өлім туралы ой түйткілі. Алдымен ойымызға үндеу салатын бір дүдәмал ой маза таптырар емес. Ол: «Тағдырдың жарлығын білесіздер - өзгерілмейді. Пендеде бір іс бар - жалығу деген». Иә, бұл сұраққа Шәһкәрімше ақылдың көзімен қараған ләзім. Абай неден жалықты? Адамнан ба, заманнан ба, ғұмырдан ба? Біз Абайдың ұлылығының жұмбағын шешуге бір табан жақындаған секілдіміз. Тіршілігі кермек татыған жоқ па? Іштегі дертін бір-ақ сөзбен: «Мен ішпеген у бар ма?» деумен ақырын ғана күрсініс білдірмеді ме?! Абай ағыстың ағынымен емес, сол ағысқа қарсы жүзді. Бұл дегеніміз - пенде шіркінің неғұрлым жалған дүниеге абынса, жарықтық Абай соғұрлым барлығынан жеріп отырды. Қу тағдыр болашағынан мол үміт күттірген, жанына медеу еткен балаларын иненің жасуынан суырғандай ерте алды.

«Адамның бір қызығы - бала деген», - демеп пе еді? Алайда сұм ажал қызығынан айырды. Өзі айтқандай, «Тағдырға тәбдил жоқ». Көрер қызық жоқ, ендігі үмітсіздік пен шарасыздық мағынасыз ғұмырдан жалығуға әкелді. Жан дертіне душар болды. Өзі айтқандай, қайраттанды, бірақ сілкіп тастап кете алмады. Ақыры жеңілді. «Бірақ осы жалығу деген әр нені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын - бәрінің баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Хаттаки ғұмырдың баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шалақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады» деген ащы шындықты мойындайды. Абайдың ұлылығының да сыры осында. Бәрінің баянсыз, жалған екенін ерте түсінді, сөйтті де, өзі айтқандай, ақ қағаз бен қара сияны ермек етті. Мақсат - ертенгі ұрпақ өкінбесін дегені. Дүниеден өтердегі өкініш ғұмырдың мазағына ұшырау болып есептеледі. Ал дүниеден өтердегі бакыт - ажалдың құшағына құлау. Аманат жанды Аллаға қиянатсыз тапсыру. Абай мұмин ажал алқымына тақаған сәтте «келген екенсің ғой» деп езуіне күлкі үйіруі Алланың сүйген құлы екендігін айғақтайтын шығар. Кім біледі? Дегдардың фәниден кетердегі соңғы сөзі:

Сарыарқаның самалы-ай,  
Самалда өскен дүние-ай.  
Қорлықта өткен өмір-ай,  
Өтті деген осы ма-ай?

Иә, өтті. Өйткені заңдылық - осы. Заңдылыққа өлшем жүрмейді. Қолымыздан келетіні - көндігу ғана. Басқаға шара жоқ.

Ақжол ҚАЛШАБЕК,  
ф.ғ.к., Мұхтартану ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері,  
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,  
Женіскүл ӘДІЛБЕКОВА,  
ф.ғ.к., қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті  
Әзімхан ИСАБЕК,  
филология мамандығының 2-курс магистранты

## Ұлы ақын - Абайым!

Өнерлі ақындары көп қазағымның,  
Солардың бірі жайлы мен жазамын.  
Мағыналы, тәрбиелі жыр жазатын  
Мақтан тұтам қазағымның ақындарын.

Атыңнан айналайын, Абай атам,  
Сіз арқылы өлеңнен сусындағам,  
Сіздей ақын бар ма екен ғаламда,  
Мұндай жырды жазбай мен қалам ба?

Өлеңің бар ұйқастардан құралған,  
Әр ұйқаста мән-мағына сыр жатқан.  
Ұмытқан жоқ әлі де халқың сені,  
Жүрегіңнен шыққан әсем сөздеріңді.

Бүгінде толдың, міне, 175-ке,  
Еске алып отырмыз бүгін универде.  
Жатқан жерің жайлы болып, топырағың,  
Торқа болсын, рахмет ата, өзіңізе!

Д.БОТБАЕВА, «Стандарттау және сертификаттау»  
кафедрасының ММГ-19-6к2 тобының I курс студенті,  
А.ОТУНШИЕВА, топ тәлімгері

Меншік иесі: М. Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университеті

Газет Қазақстан  
Республикасы Ақпарат  
министрлігінде тіркеліп,  
451-Г куәлігі берілген  
Астана қаласы, 10 қараша 1998 ж.

Редакционная коллегия:

Қожаджарова Дария Пернешқызы -  
М.Әуезов атындағы ОКМУ ректоры.  
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор.  
Нұрманбетов Қайрат Эмбекшиевич -  
Бірінші проректор  
Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы -  
Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі  
проректор

Тілші: Мадина Сералиева  
Көркемдеуші: Наилә Заббарова  
Оператор: Танзила Ашимова  
Фото: М.У. Хусаинов

«М-press» ЖШС баспаханасында басылған.  
Шымкент қ., тел.: 21 36 67,  
А. Байтұрсынов көш., 18.  
Редакция мекенжайы:  
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5,  
бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,  
тел.: 8 (7252) 30 08 40, gazet98@mail.ru  
Тапсырыс  
Таралымы 1500 экз.

Газета Южно-Казахстанского  
государственного университета  
имени М. Ауезова

Газета зарегистрирована в  
Министерстве информации РК  
(свидетельство № 451-Г)  
г. Астана, 10 ноября 1998 г.